

егемен

Акылбеков

Алты алаштың асылы

Сәбит ДОСАНОВ.

Кіріспе – Апа! – Не құлымын? – Жаңа сіз айтқан ертегідегі тау көтерген Толағай жайлы ойлап жатырмын. Толағайдай болсам ғой, шіркін! – Боласың, ботам, боласың! Елін сүйген ер болады, өзін сүйген жер болады! – Тағы бір ертегі айтышы, апа! – Айтайың, құлымын, айтайын. Тас кедергі тағдыр мойнына кедейлік қамытын кигізген ол сол күні әдеттегісінен де асқан аш еді. Ең соңғы тиынына бір тоюды армандап, қалт-құлт етіп келе жатқанда өткен-кеткенге алақан жайып, алқынып тұрған қайыршыны көрді де, қалт тұра қалды. Ерсілі-қарсылы ағылған топтың арасында алтынға мальянған әйелдер де, киген күімінің өзі жақуттай жарқырап, құлпынайдай құлпырған байлар да бар еді. Солардың ешқайсысы қайыршының қалтыраған алақанына соқыр тиын да тастамай, кеуде кере кердең басып өте берді, өте берді. Ал сінірі шыққан сорлы кедейдің қайыршыға қайырылмауға дәті жетпеді. Ол қалтасынан ең соңғы тиынын алғып,




аштықтан көзі қарауыттып құлағалы тұрған қайыршының күс басқан күрен алаканына салды. Сол сәт ешкім күтпеген ұлы оқиға болды. Кедей жігіт кеше қиналғанда түсінде көрген Құдайдың сұлбасын көрді. Құдай қайыршының оң иығынан асыра оң қолын алға созды. Сол сәт ай мен күн шағылысып, құйрықты жұлдызға ұқсаған қызығылтсары шұғыла кедей жігіттің көз алдында зу етіп өте шықты. Сол шұғылаға оранған құдайдың сұлбасы ізім-қайым жоқ болды. Қайыршыға қарайлласқан кедей жігіт сол күннің ертесінде аяқ астынан ат басындей алтын тауып, бір-ақ сәтте байып шыға келді. – Қандай жақсы адам, апа?! – Кімді айтасың, құлымын?! – Жаңағы қайыршыға қарайлласқан кедей жігітті айтамын. – Иә, құлымын, солай, есінде болсын, ел үшін ерлік жасаудан артық бақыт, қайырымдылықтан асқан қасиет жоқ! Сол түні ол жайлы жатып, жақсы ұйықтады. Түні бойы түсінде тау көтерген Толағай мен қайыршыға қарайлласқан кедей жігітті көріп шықты. Ертегі айтқыш ана Әлжан, оны жүргегіне құйып, ойына түйіп алған құймакұлак Нұрсұлтан еді. Соңда ол бар болғаны бес жастағы ойын баласы болатын. Бірінші хикая Өзін ойлаған – құлқынның құлы, халқын ойлаған – ұлы Жан емеспін орынсыз сабылғандай, Жас та емеспін өсsem деп жағынғандай, Жырлаймын Елім мен Елбасымды, Ел тілеуін тілеймін жаным қалмай. Асфальттың өзін балқытқан алапат ыстық тәнді, көрші елдің сәт сайын құбылған саясатының аңызақ аптабы жанды шылжғырып шыдатар емес. Күнмен бірге оның да жүргегі жанып тұр. Алаң көңілмен көп ойланып, көп толғанды ол. Ақыры бір шешімге келді де, шишиштық атып, ширақ тұрды орнынан. Үйге әдеттегісінен әлдекайда кеш оралған оны отанасы құрақ ұшып, жылыұшырай қарсы алды. – Кешкі асты суытпай, дастарқанға отырайық, Нұрсұлтан. – Өздерің тамақтана беріндер, Сара. Мен жолға жиналайын. – Қайда? – Мәскеуге. – Пәлі, ертең 6 шілде – туған күнің

емес пе? Ет жақындарың бәрі жинальш, келгелі жатыр. Қайда асықтың? – Мәскеуге. Өзім бармасам, шешілтер түрі жоқ бұл проблеманың. – Не дейін саған, Нұрсұлтан? Ылғи осы ғой. Жан тыныштығын бір сөт ойламаймысын. Демалыссыз жұмыс денсаулығына зиян келтіре ме деп те уайымдаймын. – Уайым деген – у. Пессимист емес, оптимист болу керек. Кім еді «Пессимист видит трудности при каждой возможности, оптимист в каждой трудности видит возможности», деген Уинстон Черчилль емес пе? – Сеземін, қындық көп. – Қындық деген қайрак. Оған қаңылтырды жаңысаң кетіледі, болатты жаңысан жетіледі, – деп ойлады Нұрсұлтан. – Кетілуге хақым жоқ! Жетілуім керек! Халық үшін, ел үшін. Конфуций айтпап па еді: «Дауыл соққанда ақымақ адам қалқан іздейді, ақылды адам жел дірмен орнатады», деп. Үйде отырып қалқан іздегенше, Ресейге барып жел дірмен орнатайын. Осы ойға бекінген Нұрсұлтан сол күні кештетіп Мәскеуге үшіп кетті. «Оз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла. Оз пайдада соның ішінде», – деп еді-ау Баласағұн. Неткен даналық. Ел пайдасын ойлап, екі жеп биге шықтым. Ең бастысы – ел мұддесіне қатысты үлкен бір түйін тарқатылды әрі тұған құнімді Ресей Президентінің өзі тойлады». Осы ой, осы сезім ойға шуақ, бойға қуат беріп еді. Содан да Нұрсұлтан елге көтерінкі қөніл құймен оралып, жұмысқа жаңылған жігермен құлышына кірісп қетті. Екінші хикая Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады Орнаған Еуразия кіндігіне. Білмейді Астананы кім бүтінде?! Бастаған ұлы қөшті елордаға, Ерлігі Елбасының жыр бүтінде. – Карапы, жаңым, Астана түнде де сұлу емес пе? – Иә, дұрыс айтасың, сәулем! Қала түнде жана бір қырларымен жарқырап, жайнал тұр. – Астана жауғар қала ғой. – Жауғар түнде де жарқырайды. Орталық алаңда демалып отырып өкпе тұста етіп бара жатқан қызы мен жігіттің әңгімесіне күә болған менің ойыма Нұрсұлтанның кіндік шешесі Тұрсын айтқан әңгімे оралды. – Нұрсұлтанның он жастағы ойын баласы кезі, – деп баставы әңгімесін Тұрсын ана. – Әбіштің құдайы қөршісі Жанайымның шымнан салынған үйі уақыт озған сайын шөгіп, жеркепеге айналып бара жатты. Жанайымның жалғыз ұлы Үмітбек Нұрсұлтанмен түйдей құрдас әрі екеуі дос еді. Қабыргасы қөгерген, ылғал, іші ызығар жеркепе ана мен бала денсаулығына аса зиян. Соны ойлап жесір эйел, жетім балаға жаңы ашыған Әбіш құдай қосқан қосағы Әлжанмен ақылдастып, Жанайымға жөні тұзу баспана салып беруге бекінді. Әбіштің бұл баставасын ағалары Шалабай мен Үміт те қостай қетті. Сол күннің ертесінде Әбіш бастан, өзгелер қостап, асарлатып іске кірісken ауыл адамдары айналасы бір айда жаңа үйдің қабыргасын қалап, төбесін жауып, сылап, ақтаудан өзге жұмыстың бәрін бітіріп тастап еді. Бұқіл ауыл болып жұмылған сол жұмысқа ауыл балалары да өз еріктерімен жегілді. Баланың аты бала емес пе? Едіге мен Үмітбек үлкендердің «альп кел», «барып келінен» жалығып, кейде қоленкеге жата кететін, не асық, не жасырынбақ ойнайтын. Ал Нұрсұлтан жұмыстан жалықпайды. Тұсқі демалыс сәтінде шелек толы сазды алдына қойып алып, шап-шағын кірпіштер құяды, кірпіш кепкесін кішкентай үй салады. Үйдің төбесін картон қағазбен жауып, есік, терезелерін шыбықтан жасайды. – Сұлтанжан, не істеп отырысың? – деген үлкендердің сұрағына: «Үй салып жатырымын. Өскенде үлкен қала саламын, мына Шамалған мен Қаскеленен де үлкен, Алматыдай, – деп жауап береді ол. Ауыл адамдары бір ай бойы асарлатып жұмыс істеді. Нұрсұлтан сол күндері түнде түсінде, күндіз киялында еңсіл ғимараттары мен салтанатты сарайлары сап түзеген, қөшелері оқтай тұзу, еңсіл ескерткіштері, саялы бақтары көз жауын алған, жасыл желең жамылған ғажайып қаланы қөріп жүрді. Сол көргенін ауылдастарына сыр ғып, жыр ғып айтушы еді. – Өскенде кім боласың? – деген сұраққа: – Құрылышы боламын, әлемде жоқ әсем қала саламын! – деп жауап беретін. «Әлемде жоқ әсем қала саламын», деген сөзді Нұрсұлтанның аузына Аллатагала салды ма екен? Шынында да Елбасы елімен бірге жана қала, жас қала – Астананы салып, тарихи ұлы ерлік жасады. «Арқа төсінде жаңа елорда салуымыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев, – бізге түбірлі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Астана арқылы біздің ҳалқымыздың ғасырларға созылған көші межелі жерге жетті. Сарыарқаның саумал самалды даласына қазық қағу қазактың кем қойғанда соңғы бір жарым ғасырға созылған отырықшылдану үдерісін біржолата түйіндейді. Астана арқылы қазақ өзінің жеріне толық ие бола алды. Ел иесі кім екенін, жер киесі қайда екенін бұкіл әлемге көрсеттік». Бала Нұрсұлтанның бұдан басқа да асыл арманы көп еді. Сол асқақ армандар оны қыран қанатына кондырып, әлдебір алыс өлкө, жұмак жер, жұмак елдерге альп ұшатын. Арман алға жетелейді. Армансыз адам – қанатсыз құс. Асу-асу белдерде, аса бір соқкан желдерде Нұрсұлтанды асқаралы биіктеге алып ұшқан құдіреттің бірі – асыл арман, ақиык ой. Үшінші хикая Алтын – жер сыйы, алғыс – ел сыйы Өсірген Дариға, Динара, Әлиясын, Жақсы эке – жаңы жомарт дариясың, «Ел үшін ер Нұрсұлтан аман бол!» – деп Тілеген көрдік елдің қариясын. Тіреусіз Аспан жаратқан, төңкөрілген көк күмбездей альп көккө Ай мен Құн орнатқан, адамзатқа тіріде – төрі, өлгенде – көрі қасиетті Жер-Ананы жомарттықпен сыйлаған құдіреті шексіз, мейірім-шапағаты мол Аллатагаланың қазақ ҳалқына сыйлаған баға жетпес екі үлкен бақыты бар. Оның бірі – ата-бабаларымыз ансаған Тәуелсіздік, бірі – қаннан да қымбат, жаннан да тәтті сол Тәуелсіздігіміздің туын құлатпай, тік көтеріп келе жатқан Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіздікке жету қандай қын болса, оны ұстап тұру одан да қын. Бұл артық айтып, асыра мактау емес, ондай мадаққа ол зору де емес. Өзгесін былай қойғанда, оның мемлекет құрушы ұлы тұлға екендігі даусыз. Басқару жүйесі жолға қойылған, колдаушы киесі – мығым экономикасы, мықты жүйе, құрылымдары мызғымас тіректері бар мемлекетті басқару да онай емес. Күл-талқаны шығып қираған экономикасы, төрт қабыргасы қаусап қалған елде жаңа мемлекет құру – қияметтің қыл көпіріндей қын екені хақ. Келмеске кеткен Кеңес Одағы мұраға қалдырған сан саланы түгел қамтыған саналуан қындықтан қиялап шығып, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру – тақыр жерге тау тұрғызғанмен, сахараңың шөлін гулге бөлеп, тамұқты жұмаққа айналдырғанмен бірдей. Еңбеккөр еліне, кенқолтық ҳалқына арқа сүйеген, жеке басының қуаныш-қайғысын ұмытып, Алатаудай ауыр жүк арқалаған, сол жүктің ауып калмауы үшін жарғак

Астананы салып, тарихи ұлы ерлік жасады. «Арқа төсінде жаңа елорда салуымыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев, – бізге түбірлі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Астана арқылы біздің ҳалқымыздың ғасырларға созылған көші межелі жерге жетті. Сарыарқаның саумал самалды даласына қазық қағу қазактың кем қойғанда соңғы бір жарым ғасырға созылған отырықшылдану үдерісін біржолата түйіндейді. Астана арқылы қазақ өзінің жеріне толық ие бола алды. Ел иесі кім екенін, жер киесі қайда екенін бұкіл әлемге көрсеттік». Бала Нұрсұлтанның бұдан басқа да асыл арманы көп еді. Сол асқақ армандар оны қыран қанатына кондырып, әлдебір алыс өлкө, жұмак жер, жұмак елдерге альп ұшатын. Арман алға жетелейді. Армансыз адам – қанатсыз құс. Асу-асу белдерде, аса бір соқкан желдерде Нұрсұлтанды асқаралы биіктеге алып ұшқан құдіреттің бірі – асыл арман, ақиык ой. Үшінші хикая Алтын – жер сыйы, алғыс – ел сыйы Өсірген Дариға, Динара, Әлиясын, Жақсы эке – жаңы жомарт дариясың, «Ел үшін ер Нұрсұлтан аман бол!» – деп Тілеген көрдік елдің қариясын. Тіреусіз Аспан жаратқан, төңкөрілген көк күмбездей альп көккө Ай мен Құн орнатқан, адамзатқа тіріде – төрі, өлгенде – көрі қасиетті Жер-Ананы жомарттықпен сыйлаған құдіреті шексіз, мейірім-шапағаты мол Аллатагаланың қазақ ҳалқына сыйлаған баға жетпес екі үлкен бақыты бар. Оның бірі – ата-бабаларымыз ансаған Тәуелсіздік, бірі – қаннан да қымбат, жаннан да тәтті сол Тәуелсіздігіміздің туын құлатпай, тік көтеріп келе жатқан Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіздікке жету қандай қын болса, оны ұстап тұру одан да қын. Бұл артық айтып, асыра мактау емес, ондай мадаққа ол зору де емес. Өзгесін былай қойғанда, оның мемлекет құрушы ұлы тұлға екендігі даусыз. Басқару жүйесі жолға қойылған, колдаушы киесі – мығым экономикасы, мықты жүйе, құрылымдары мызғымас тіректері бар мемлекетті басқару да онай емес. Күл-талқаны шығып қираған экономикасы, төрт қабыргасы қаусап қалған елде жаңа мемлекет құру – қияметтің қыл көпіріндей қын екені хақ. Келмеске кеткен Кеңес Одағы мұраға қалдырған сан саланы түгел қамтыған саналуан қындықтан қиялап шығып, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру – тақыр жерге тау тұрғызғанмен, сахараңың шөлін гулге бөлеп, тамұқты жұмаққа айналдырғанмен бірдей. Еңбеккөр еліне, кенқолтық ҳалқына арқа сүйеген, жеке басының қуаныш-қайғысын ұмытып, Алатаудай ауыр жүк арқалаған, сол жүктің ауып калмауы үшін жарғак

құлағы жастыққа тимей, күндізгі құлкі, тұнгі ұйқыны құрбандыққа шалып аянбай, тапжылмай еңбек еткен, алдағыны қөріп, алысты болжаған Елбасының бұл тарихи ұлы ісін біз ғана емес, бүкіл әлем оның кемел ойлы кеменгерлігі мен ерлігі деп бағалады. Нұрсұлтанның алдағыны анық қөретін, алысты болжайтын данышпандығының мындан бір мысалы елімізді сом аймағының темір құрсауында қалдырмай, төл теңгемізді жасатуы болса, екінші бір дәлелі – Ұлттық қор құруы. Қайғы-мұңы мен өкініші, өксіті қөп, қуанышы мен жұбанышы аз қайран қазақ азаттықтың ақ таңы атқанда қуанышы қойнына сыймай, бөркін аспанға ата қуанды. Сол қөп қазақтың бірі едік біз. Бақыттың баянды болсын деген тілекпен бірге, көкірекімізде отаршылар салған жара да бар еді. Сол жараның улкені – Семей полигоны болатын. Полигон – жүректегі жарам мениң, Қайғыдан көз ашпаған далам мениң, Қазақым енді қайтіп құн көрер деп. Жұк түскен жүргімі балаң едім, – деп шерлі шежіре жазып, шерменде болып, әлемге әйгілі ақын, көрнекті мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменов басқарған «Невада – Семей» қозғалысына белсene қатынасып жүргендеге қара бұлтты как жарған найзағайдай болып Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей полигонын жабу жайлы Жарлығы шықты! Сол тарихи Жарлық шықкан жылы кен-байтақ Қазақстанның ең алыс ауылдарын аралаудың сәті түсті. Соңда көзбен көргеніміз – бүкіл халықтың қуанышы, құлакпен естіп, көкейге түйгеніміз – бүкіл халықтың алғысы! Қазақстандағы сан ұлттың полигонды жапқан Президентке деген сансыз рахметі мен шексіз құрметі! Одан кейін Орталық Азия республикаларына, Мәскеу мен Париже, Түркия мен Қытайға жол түсті. Соңда естігеніміз – «Назарбаев сыңды Президенті бар халық бақытты! Полигонды жапқан Президентке миллион алғыс, мың мәрте тағзым!» – деген ақ ниетпен айтылған алғыс! «Қазақстан Президенттің көреген саясаты болмағанда, бұл өңірдегі халық әлі күнге дейін сынаптардан зардап шегіп отыруы мүмкін еді. Сіздің Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру бастамаңыз арқылы Солтүстік жарты шарда ондай аумақ тұнғыш рет құрылғанын зор ризашылықпен айтадын», – деп жазды Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтан алған алғысы қөп. Өте қөп. Соның бірін Елбасының арқасында есесін қайтарып, есін жиған

үлескерлер, енді бірін «Батыр Баян» фильмінде бас кейіпкерді сомдап, кейін ауыр кеселге ұшырағанда көмек қолын созған Президентке атакты актер, тағы бірін ЕКБҰГ-та төраға болып қана қоймай, Астана саммитін сәтті өткізгені үшін халықаралық қоғамдастық пен алыс, жақын шетелдердің президенттері айтты, тағы бірін... Сан алғысты санамалап тауыса алмаспсыз, сөзді ашы ішектей созбай, тоқсан ауыз сөздің түйінін айтсақ, алғыспен ер, жаңбырмен жер көгеретінінің мықты бір мысалын Елбасы өмірінен айқын көреміз. Алтын – жер сыйы, Алғыс – ел сыйы! «Сол сыйлығының – ел сыйлығы күтті болып, күт-береке дари берсін тағына, елімізді



бақытқа бастай бер!» – деген тілек айтамыз «Елін сүйген, елі сүйген Елбасына (Махмұт Қасымбеков). Осы тұста қалам ұшына Платон (б.э.д. 427-337) айтқан: «Никогда не будет процветать государство, если его не начертить художник по божественному образцу», деген сөз оралып тұр. Төртінші хикая Жемісті ағаш жерге иіледі, жетелі жігіт елге иіледі Есінде мың градус от кешегі, Балқытып болатты ол от көседі, Қайнады қазанында Теміртаудың. Халқы үшін қажет болса от кешеді. Әлі есте, бәрі есте. Тоқырау торындағы тоқсаныншы жылдар... Кенестік кеністіктен қалған ауыр мұра – құлағалы тұрған зауыт, фабрика, құлдыраған өндіріс, құлазыған ауыл, құрдымға кеткен экономика сыңды сан кесел еңсені езіп тұр. Жалақы, жәрдемакы, зейнетакыны ала алмай есептіреген ел. Төзімі таусылған шахтерлер ереуілге шықты. Халық үріккен жылқыдай дүрлікті. Сол бір киын кез, сын сағатта Президент Нұрсұлтан Назарбаев шұғыл Карагандыға ұшып келді. Келді де, халықпен бетпе-бет кездесіп, ашық сөйлесті. Шахтерлердің талабы орынды екендігін, алайда, тап қазір оны қанағаттандыруға мүмкіндіктің жоқтығын ашық айтты. – Тәтті өтіріктен ашы шындық артық, – деді Президент. – Мен жағдай тез оңалады деп уәде бере алмаймын. Ертеден жеткен есکі сөз – есті сөз былай дейді: – Ырыс, кайда барасың? – Ынтымакқа. – Бақыт қайда барасың? – Бірлікке! Ынтымак болса, бірлік болса біз аспайтын асу, жок. Халық алмас қамал бар ма?! Бірлік болса тірлік те болады. Ынтымакты болсақ ырыс келеді. Төзім керек, сабыр керек. «Сабыр тубі – сары алтын» деп халық бекер айтпаған. Қындықтан шығудың бір-ақ жолы бар, ол – жұдырықтай жұмысып, жатпай-тұрмай еңбек ету. Еңбек – бәрін де женбек! – Соңда қанша күтеміз? – деді алып-ұшып тұрған бір албырт жас. – Оны мен емес, өздерініз айтасыздар, сіздердің еселі енбектерініздің нәтижесі айтады, – деді Президент. – Ал мен сіздермен біргемін. Не көрсек те бірге көреміз. – Үкімет ше, Үкімет не бітіріп отыр, – деді жаңағы жас жігіт. – Үкімет ұйықтаған жок, ояу. Олардың қалғуына да жол бермеймін. Үлкендер жағы бірімен бірі күбірлесіп кетті. – Кабинетте шалқайып отырып алмай, бізге жедел жетті, – деді көпті көрген көнекөздердің бірі. – Бұл да болса кісілігіне сай кішілігі емес пе? – Иә, – деді екінші қария, – жемісті ағаш жерге иіледі, жетелі жігіт елге иіледі деген осы. Патша басымен қарапайым халыққа иіліп тұр. – Өзі сертке

берік пе, соны айтшы. – Осы уақытқа дейін екі сейлеп көрген емес ол. – О, онда жарады, жайсаным! – Айналып өтейін, садағаң кетейін, алтын халқым! Ал, кәне, ақылдасайық. Не жағдай өздеріңе белгілі. Не істейміз енді? Осылай ереуілдетіп, онсыз да киын жағдайды онан сайын қындағат береміз бе? Әлде, белді бекем буып, уақытша қындыққа төзіп, сибектеніп, өзімізді, өр елімізді енсегі етеміз бе? – Бәрі түсінікті, – деді ереуілді ұйымдастыруышылардың бірі – Елбасы дұрыс айтады: «Еңбек, бәрін де женбек! Жұдыштықтай жұмылып еңбек етейік! Қалай, дұрыс па, достар! – Дұрыс! – деп дур ете қалды алаң толы халық. Байlam осы болды. Елге илтеп Елбасы халықты бақытқа бастап барады... Бесінші хикая Бақ пен дәулет – бірлікте. Өмірдің мағынасы – атқарылған тірлікте Рушылдық, жершілдікті өлтіріп, Ордабасыға көтерілді ер түрік. Киын істің қиоюн да тапты ол – Барлық ұлтты келісімге келтіріп. Дағаның дана шалдары-ай, айтудай-ак айттыпты-ау. «Өсетін елдің арманы көп, өшетін елдің жанжалы көп». Рас кой. Бақыттымызға орай, Қазақстан, ғажапстан – жанжалы жоқ, арманы көп ел. Арманы көп елдің берекесі бар, мерекесі де көп. Сол мереілі мерекелер Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Қазақстан Конституациясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Женістің 70 жылдығы болып салтанатты сапта тұр. Көп ұлтты, бір мақсатты мемлекетті бірліктіріп отырған екі бірдей егіз қасиет бар. Оның бірі – мемлекет құраушы ұлт – қазақ халқының өзінің байырғы Ұлы Даласында ұлттылығы – пейілінің кеңдігі, бірі – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бірлік пен ынтымакты, келісім мен достықты ту еткен сара да дана саясаты. Содан да біз берекелі, мерекелі елміз. Биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойының кең көлемде атап өтудеміз. Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Терағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың катысуымен «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбымен еткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына арналған XXII сессиясына еліміздің барлық өнірлерінен келген 1500-ден аса адам қатынасты. Осы сессияда жасаған баяндамасында Н.Ә.Назарбаев былай деді: «Таяуда британдық «Ипсос МОРИ» социологиялық қызыметі бүкіл Қазақстан бойынша тәуелсіз зерттеу жүргізді, соған сәйкес қазақстандықтардың 93 пайыздан астамы елдегі жағдайды жоғары бағалайтынын атап көрсеткен. Бұл – біздің Конституциямыздың кіріспесінде толымды бейнеленген «Біз, Қазақстан халқы!» атты басты қағидаттың салтанат құруы. Мен де, өздеріңіз сайлаган Ассамблея Терағасы ретінде, бұл жетістікті бағалаймын. Мен жаңа Қазақстанның жасампаз жылдары ішінде бізге жүзеге асыруға сәті түскендерді мактан тұтамын. Ассамблея жаңа Конституацияны қабылдау бойынша бүкілхалықтық референдумға бастамашы болған еді, биыл біз оның да 20 жылдығын атап өтетін боламыз. Осы жылдар ішінде Ассамблея аса белгісіз құрылымнан Мәжіліс депутаттарын сайлау құқына ие конституциялық органға трансформацияланды. Бұл Ассамблеяның беделін арттырыды. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Зан – әлемде баламасы жоқ керемет зан. Ол еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Оның нормалары біздің ұлтаралық саясатымыздың негізін қалыптастырыады», – осы сөзі арқылы Елбасы: «Бақ, дәулет – бірлікте, өмірдің мағынасы – атқарылған тірлікте», деген ұлағатты ой айтты. «Ежелгі Египет мақалында айттылатында, дүниедегінің бәрі уақыттан қорқады, бірақ уақыт пирамидалардан қорқады, – деп сабактады сөзін Елбасы. – Біздің жаңа елордамыз – ажарлы Астана осындағы мәңгіліктің символы. Біз нағыз бейбітшілік пен келісімің пирамидасын – қазір ҚХА сессиясы өтіп жатқан әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері үшін бірегей ғимарат салдық. Қазақстанға келгендердің барлығы Ассамблеяның алтын шаңырағын асқақтата түсуге үндеймін. Бірлік қағидасы – әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналын! Жүргімізде Ұлы Отан – Мәңгілік Елге деген махабbat оты маздасын! Баянды болашаққа бірге қадам басайык! Ырысымыз тасып, айбынымыз аса берсін! Алға, Қазақстан!» деген түйін сөзі алшы түсер асыққа құйылған қорғасындағы көнілге қона кетті. Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Ассамблея сессиясында айтқан ұлағатты ойлары бақ-дәулет – бірлікте, өмірдің мағынасы – атқарылған тірлікте екендігін тағы бір мөрте еске салған ескірмейтін есті сөз болды. Сөл алға озынқырап барып айтсақ, Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төрінде айттылған ұлағатты ойларында да ең асыл қазынамыз – бірлігіміз жайлы, бірліктің арқасында бітірген тірлігіміз жайлы қекейге конымды көп жайлар анық та қанық айттылды. Иә, бірлік болмай тірлік болмайды. Бақ, дәулет – бірлікте, өмірдің мағынасы – атқарылған тірлікте! Алтыншы хикая Мұратың халық болса – айың жарық болады. Хан әділ болса – халық ынтымакты болады Тұлпарсың алқымы ісіп, алқынбаған. Қырансың зенгір қөкте саңқылдаған. Бақытқа бастай бер деп елімізді, Нұреке, бата берді халқың саған. Карақорымның жартасына қашалып жасалған Шыңғыс ханың қасиетті есінетінде оның тарихи қастерлі бейнесі, керемет кесек іс-әрекеттері, жандуние жасаулары елес беріп тұрғандай. Алтын денем қалғыса да, Ардақты елім солмасын. Бүтін денем қажыса да, Бұкіл елім тозбасын. Абзal елім даңқы артсын. Бұкіл денем қиналса, қиналсын – Бұкіл елім топтансын! – депті Шыңғыс хан. Өмірдегі оқиғалар мен құбылыстардың, тарихи тұлғалардың, олардың іс-әрекеттерінің бәрі болмаса да біразы даулы

ғой. Шынғыс ханға қатысты да дуалы ауыздардың өзі токтата алмаған дау көп. Десек те, Шынғыс ханның тасқа қашалған сөздерінен оның елім деп еміренген бейнесі тайға таңба басқандай танылып тұр. Осы жолдар Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мұдден жолында бойдағы қуат, ойданы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін», – деген сөзімен үндес, қандас. Мұратың халық болса, айың жарық болады. Соның айқын бір көрініс Елбасының өнегелі өмір, бүкіл әлем таныған, мойындағы ұлы тұлғасы, халықтың оған деген ыстық ықыласы мен шексіз құрметі. Елбасына деген халықтың ыстық ықыласы мен шексіз құрметінің, берік сенімінің көркем көрініс болды биылғы жылдың 26 сәуірінде өткен кезектен тыс президенттік сайлау. Дүниежүзінің сан қырынан келген саналуан саңлақ байқаушылар: «Бірде-бір заң бұзушылық болған жоқ, бірде-бір кемшілік таба алмадық, бұл ете әділ сайлау болды», – деген таңдайлары тақылдаپ, тамсанған сайлауда Н.Ә.Назарбаев 97 пайыз дауыс алыш, айқын басымдықпен анық та қанық жеңіске жетті. Бүкіл түркі халықтарының тәбе би Майқы бидің сонау XII ғасырда айтқан: «Хан әділ болса, халық ынтымақты болады», деген тарихи сөзінің айқын бір дәлелі еді бұл. «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та конбайды» депті Жүсіп Баласағұн. Нұрсұлтанға қонған бақ пен бақыттың сыры неде, құпиясы қайсы? Бұған толық жауап беру киын. Нұрсұлтан Назарбаев қатардағы көптің бірі емес, тарих ұзақ толғатып, сирек туатын әлемдік деңгейдегі ұлы тұлға! «Кеменгерлік құпиясы» атты кітабымда («Арда» баспасы, 2009 жыл) Назарбаев феноменін түсінуге (түсіндіруге емес) талпыныс жасады. Елбасының еңбек пен құреске толы өмір жолын зерделегендеге ұққаным: оны әлемдік биік деңгейге көтерген алғышарт – жаратылыс жомарттықпен сыйлаған тұлғалық қасиет. Алғашқы баспалдақ – ана сүті, әке қанынан дарыған даусыз қасиетті тәрбие. Эпиктеттің сөзімен айтсақ: «Құллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам». Осы тұста Нұрсұлтан тәрбиесінде әз әже Тәттібала айтқан тәмсіл, анасы Әлжан шерткен тағылымды ертегі, әкесі Әбіштен естіген ақыл мен нақыл және өмір мектебінің он әсері болғанын айтудың орайы келіп тұр. Бұған әлемдік деңгейдегі әдебиетшілер мен тарихшылардың, философтар мен экономистердің еңбектерін оку мен току, өмір бойы үзіліссіз ізденістерді қоссаныз, сонадайдан танылар сом тұлғаның сыры мен құпиясын ашпасаңыз да соған апарар сокпакқа түсерініз зайыр. Ұлт бағына туған ұлы тұлға Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз. Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің тұтастандырылған экономикалық кеңістігін құрдық. Білік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесін жасаган тарихи маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Елдің жана елордасы – Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмрамымыз берін мактансышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қоғамдастық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тиे бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі құллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға тәрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара – ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті», – деген сөзі ел үшін жасалған еңбектің жемісі мен жеңісін айқын танытып тұр. Елі еңбеккер, ел бастаған ері кеменгер болса аспайтын асу, алынбайтын қамал жоқ, бұл болмаса алға тартқан адамзат көшінің соңында шаң қауып қалудан бөтен амал жоқ. Бақыттымызға қарай Қазақ елі – еңбеккер, көш бастаған көсеміміз Нұрсұлтан Назарбаев – кемел ойлы кеменгер. Әлем қызыққан тағы бір бақыттымыз – ханымыз әділ. Содан да халық ынтымақты. Содан да 2015 жылғы 26 сәуірдегі кезектен тыс президенттік сайлау Нұрсұлтанның мұраты – халық, содан да оның айы жарық екенін; хан әділ болғандықтан, халық ынтымақты екенін айдай әлемге паши етті. 2015 жылы 29 сәуірде болған Президентті ұлықтау ресіміндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі мен Тәуелсіздік сарайындағы халықтың көтерінкі көніл күй әдемі үндесіп, әсем жарасым тапты. Сол күнгі ғажайып аураға табиғаттың өзі де табынып, аспандағы алтын күн айналға нұрлы, сирлы, сымбаты бөлек сұлу шуақ шашып тұрды. Иә, мұратың халық болса – айың жарық болады. Хан әділ болса – халық ынтымақты болады! Жетінші хикая Тұнді құған құндіздей, халықпен ол егіздей Қайраты қайтпас, айбыны бейне арыстан, Жасаған нұсқа халықна ұлы барыстан. Қазақтың елін танытқан бүкіл әлемге, Фасырларда туар сіздей данышпан. Тарлан тарих қойнауына кеткен XX ғасырдың 90-шы жылдары Оңтүстік Африкада Кимберлит трубасынан ең үлкен алмастардың бірі табылды. Одан бриллиант алу үшін әлемдегі ең таңдаулы зерлеуші шакырылды. Атакты шебер Кимберлит трубасындағы алмасын қыр-сырын ұғу үшін тек оны зерттеуге ғана бір жыл уақытын сарп етті. Тек содан соң ғана алмасты қырнап, өндеп, зерлеуге кірісті. Содан кейін тамшылаған тер мен жан әзер шыдаған еңбектен аскан шеберлік пен зерленген асыл текті бриллиант өмірге келді. Қай қырынан карасаң да көз жауын алған, тұннің өзінде жарқырап, жанып түрған бриллиант соншалықты тыңғылықты зерттеусіз, тынымсыз еңбексіз, оның текті табиғатын терен ұклайынша сондайлық ғаламатты өмірге әкелу еш мүмкін емес еді. Зерлеушінің бір ғана қателігі сәтсіздікке әкеліп соғар еді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сынды әлемдік деңгейдегі аса салмақты саясаткердің ел өміріндегі елеулі кезеңдегі көрегендігін, бірінен соң бірі Қыз Жібектің көшіндей болып тізілген жаңалыққа толы бағалы бастамалары мен ұлы идеяларын сол бриллиант әрлеушінің аса інзік, аса ауыр еңбегімен, аскан шеберлігімен тенестіруге болады. Оған оның соңғы екі он жылдықтағы 2030 және 2050 Стратегиялары, «Нұрлы Жолы», «Мәңгілік Елі» айқын айғақ. Соның жарқын жалғасы БАҚ-та жарияланған 5 реформа мен оны жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадам. Бір сөзбен айтсақ, бұл таяу болашақтың бағытын көрсетіп берген бағдаршам, адастырмас ақ жүлдyz. Бүгінде елдің бәрі білетін 5 реформаның бес мықты дінгегі бар. Олар: кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті

қалыптастыру. Бәрі бірдей аса маңызды 5 реформаны жүзеге асыру үшін Президент жаңынан бес жұмыс тобынан жасақталған комиссия құрылды. Бұл 5 реформаның жүзеге асуына зор көмек болары сөзсіз. Ұлттың осынау ұлы жоспары, жалпы, Нұрсұлтанның барлық аса бағалы бастамалары мен ұлы идеялары түнді қуған күндіздей, оның жаңы халықпен егіздей. Ескіден жеткен есті тәмсіл шерткен сыр бұл. Алла тағала адамды балшыктан жаратқан. Адамды жаратқан Алланың колында бір уыс балшық қалыпты. Алла сол балшыкты адамның алаканына салып, «Өз бақытыңды өзің жасап ал!» – деді. Адамзаттың бір бөлігі – сол балшыктан ізгілік жасағандар алғысқа, үзілімдік жасағандар қарғысқа бөлөніп келеді. Өзіне сенген құстай ұшады, біреуге сенген мұрттай ұшады. Өзіне сенген Нұрсұлтанды табиғи таланты мен табанды енбекі қыран құстың кос қанатындағы болып талай-талай биіктеге альп ұшты. Ізгілік қыл, ізгілік көп кісіде, Әсерлі ғой ізгілердің ісі де, – деген Жүсіп Баласағұн сөзі өмірлік мұраты болды оның. Пифагордың: «Бақытты құыт қара тер болма, оны өзіңнің ісің мен ішінен ізде», деген сөзін де үнемі жадында сактады, ұлы мұрат, ұлы еңбек сенімді ақтады. Нұрсұлтан – отызға жетпей-ақ орда бұзып, қырыққа жетпей-ақ қамал алған қаһарман. Бұған оның бүкіл саналы өмірінен ондаған, жүздеген мысал келтіріп көзіқарақты халықтың өзі білетін жайларды баяндамай-ақ қоялық. Осының бәрі әлемдік деңгейдегі тұлғаға бастайтын баспаңдақтар болғанмен, Нұрсұлтан феноменінің басты факторлары оның Алланың нұры түскен ұлы тұлғасында! Түйін сөз Терен теңіз тартылмайды, терен ой сарқылмайды Көз жетпес кек аспандай көлеміне, Бойлатпас көк теңіздей тереніне, Елбасым, елін сүйген Нұрсұлтаным, Қонған бакыт дер едім мен еліме. Ұлы тұлғаларды тарихтың өзі туғызады. Заманың дауылы мен жауыны, селі мен желі, өрті мен дерті шындалп, қатайтады. Соның көркем бір көрінісі – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өмірі. Ол бүтінгі әлемдік деңгейдегі биігіне бірден және оп-опай жеткен жоқ. Оған дейін ол талай тар жол, тайғақ кешулерден етті. Қиналған кездері де болды, сыр берmedі, майыспады, кайыспады, сынбады. Ұлттық ұлы рух, қайыспайтын қайсаң намыс, қайтпас қайрат-жігерін жаңып, үнемі алға жетеледі. Нұрсұлтан Назарбаев жайлы ойлағанда қалам ұшына Шәкірм қажының: Мен жетелеп өлемін, Өрге қарай қазакты, – деген өлеңімен қабаттаса Вольтердің: «Мемлекетті құтқару үшін бір ғана ұлы адам жеткілікті», – дейтін ұлағаты, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан: «Уайымсыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай!», – деген сөзі оралады. Нұрсұлтан келе жатқанда онымен бірге терен теңіз, текті ойлар көшіп келе жатқандай эсерде боламын. Қара сөз ұзай береді. Нұрсұлтан жайлы ойымды өлеңмен өрейін: Даналардың көзіндей, Сөзі Бұқар сөзіндей, Ақылнина карасам, Абылайдың өзіндей. Бекзаттығы аппақ сезімдей, Саясатта семсер сезілмей, Нұрсұлтандай дана қайда бар, Ойлайтын халқын көз ілмей. Бір өзі бір ел туындей, Лебізі алтын буындей. Нұрсұлтан сындыдананын. Тұрсыншы туы жығылмай. Өр ісін қолдап, демендер, Артық айтты демендер. Аса жи тумайды, Нұрсұлтандай кеменгер. Иә, Нұрсұлтанның ойы теңіз, өзі ұлылықпен егіз. Терен теңіз тартылмайды, терен ой сарқылмайды...